

## Юбилейные даты

---

---

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері,  
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі,  
Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері,  
Ш. Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың иегері,  
Түркияның “Dil Kurumu” лингвистикалық қоғамының құрметті мүшесі,  
Башқұртстан Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі,  
Халықаралық “Қазақ тілі” қоғамының құрметті президенті,  
Ұлы Отан соғысының ардагері,  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
**Әбдуәли Туғанбайұлы ҚАЙДАРДЫҢ туғанына 90 жыл**

### Аса құрметті Әбдуәли Туғанбайұлы!

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Төралқасының атынан Сізді бүгінгі мерейтойыңыз- 90 жасқа келуіңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздің өмір жолыңыз өз еркіңізбен майданға аттанғандыңыздан басталып, соғыстан кейін Қазақ мемлекеттік университетін үздік бітіріп, аспиранттан академикке дейінгі, кіші ғылыми қызметкерден академиялық ғылыми-зерттеу институтының директорлығына дейінгі ғылымдағы ғұмырыңыз ҚР Ұлттық ғылым академиясының (қазіргі ҚР Білім және ғылым министрлігінің құзырындағы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының) қара шаңырағында өтуде.

Сіз қазақ этнолингвистикасының негізін салған әлемге әйгілі ғалымсыз, бүгінде күллі түркі әлемі мақтан тұтатын “сөз тануға”, “түбір тануға” қатысты басым бағыттағы, “этностаным” мен “тіл таным” тұрғысынан туындайтын этнолингвистикалық бағыттағы және қазақ және басқа да түркі тілдерімен моңғол, корей, жапон тілдерінің қарым қатынасын зерделеуге, “алтай теориясын” тектеп, тексеруге бағытталған қазақстандық бірнеше лингвистикалық мектептерді қалыптастырдыңыз.

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге бағытталған тіл саясатының қалыптасуына да сіздің қосқан үлесіңіз орасан. Ғылымдағы үздік өнегенізді, еліміздің рухани-мәдени, саяси-әлеуметтік, қоғамдық өміріне белсенділікпен араласып, бұл салаларда да азаматтықтың жоғары белесінен әрдайым көрінуіңізді зор қуанышпен мақтан тұтамыз.

Сіздің жалпы түркітану ғылымына, соның ішінде, әсіресе қазақ тілі білімі мен ұйғыртану саласына қосқан нақты үлесіңіз бен сіңірген еңбегіңіз Сіз жариялаған жалпы көлемі 1000 баспа табақтан астам 500-ге жуық зерттеулерден, олардың ішінде 52 монография, жинақ, сөздік, оқулық пен оқу құралдарынан айқын көрінеді. Тіл білімі бойынша ғылыми кадрлар дайындау да сіздің қосқан үлесіңіз қомақты, Сіздің тікелей ғылыми басшылығыңызбен 16 докторлық және 75 кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Сіздің ғылымды дамытудағы мен білім беру саласындағы жетістіктеріңіз жоғары бағаланып, “Халықтар достығы” ордені, “Отан” ордені, “Құрмет нышаны” (Түркия ордені) және 12 медаль, көптеген құрмет грамоталарымен марапатталдыңыз. Сізге құрметті “Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері” атағы беріліп, Ш. Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың иегері, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Башқұртстан Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі атандыңыз.

*Сізді, аса құрметті Әбдуәли Туғанбайұлы, 90 жылдық мерейтойыңызбен құттықтай отырып, Сізге, отбасыңызға мол бақыт, зор денсаулық, ұзақөмір және шалқар шығармашылық шабыт тілейміз!*

ҚР ҰҒА Президиум Төралқасы